

Әл-Фараби философиясы



Алтаев Ж.А

Әл-Фараби философиясы



- ▶ Әл-Фараби(870-950)- тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі , атағы әлемге жайылған ғұлама ғалым, философ., Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу-Насыр Әл-Фараби қазақ жерінде Отырар қаласында дүниеге келген. Өз өмірінің көп жылдарын Бағдад қаласында өткізді. Мұнда өз білімін жетілдіріп көп ұзамай олардың арасында үлкен абырой беделге ие болады.

Әл-Фараби

- Әл-Фараби шығармаларының саны 200-ге жуық
- Аристотельден біраз еңбектеріне түсініктемелер жазды.

Еңбектері

- Олар: Категориялар, Метафизика, Герменевтика, Софистика
- Осы еңбектерімен қоса өзінің философиялық еңбектерін де жазды

Трактаттары

- Бақыт жолын сілтеу, Азаматтық
- саясат, Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері, Бақытқа жету жайында
- Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы, Ғылымдардың шығуы т.б



Бақытқа жол сілтеу трактаты

Әл-Фараби «Бақытқа жол сілтеу» трактатында бақытқа оған жетуге бастайтын жолға баса назар аударады. Сол бақытқа жету үшін адам өзін-өзі жетілдіріп отыруы тиіс. Бақыт мәселесін сөз қылғанда Әл-Фараби үнемі мына әдісті қолданады: оң құбылыс пен теріс құбылысты қарама-қарсы қояды, оларды бірде біріктірсе, енді бірде ажырата қарастырады. Себебі бақытқа жету шарттары оң құбылыстарды да теріс құбылыстарды да қамтуға, «мадақтауды» да сөгісті де ала жүруге тиіс. Бұл факторлар адамның қылықтарының-сорақы және жақсы қылықтарының негізі болып табылатын қара күш, мінез-құлық, ақыл-парасат қабілеттерінің белсенді түрде өзара әрекеттесуі арқылы көрінеді.



Адам өмірінде
кездесетін
жағдайлар

Артынан
мадақтауға және
жазғыруға
болмайтын
жағдайлар

Мадақтауға немесе
жазғыруға болатын
жағдайлар

1. Әрекеттер. Мысалы: орн
ынан тұру, отыру көлікке
отыру
2. Жан
аффектілері: құштарлық,
қуаныш, қорқыныш
3. Ақыл-парасат

Соқтыратын жағдай 3

Артынан
мадақтауға не
жазғыруға болатын
жағдайда адам
бақытқа жете
алмайды . Ал егер
екеуінің жиынтығы
қосылса адам
бақытқа жете
алады.

Адамның табиғи қабілеті

Адамның табиғи қабілеті өздігінен жақсы да жаман да қылықты істеуге бірдей мүмкіндік береді. Оны өршіту, актуальдандыру ғана жүре пайда болған қалыптың тууына бастайды, нәтижесінде не жақсы не жаман қылықтар шығуына мүмкіндік береді бұл қылықтар жанның әрекеттері мен аффект құбылыстарында байқалады. Жанның әрекеттері мен аффект құбылыстары адамның жаратылысынан тумамай дағдылану нәтижесінде пайда болады. Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен уйлес болады, осыдан бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады.

Бұл трактатта шама туралы да пікір айтылады. Шамадан молшылыққа не жетіспеушілікке қарай ауытқу шектен шығушылыққа яғни теріс әрекетке бастайды. Әл-Фараби ұстамдылықты жақсы мінез деп есептейді. Ұстамды болу үшін шамадан тыс молшылық болса одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылуымыз керек және керісінше жетіспеушілік болса молшылық жағына қарай ауытқуымыз керек дейді, сөйтіп бойдағы ұстамдылықты қалыптастырғанша осылай етуіміз керек дейді. Осыдан адам өміріндегі жақсылық жамандық тәңіріден болмай, адамның өзі таңдайтынын ашып жазады. Сөйтіп соңында өнер атаулының бәрі тамашаға жету мақсатын көздейтін ұғымды философия деп атайды. Философия адамда болатын ақыл арқылы меңгеріледі. Ақыл-парасаттың қызметінде мақсаттылық болуы керек. Соны дұрыс ойлау әдістері логика арқылы жүзеге асады. Сонымен қорытындылай келе адам өз өмірінің бақытқа жету жолында логикадан бастағаны жөн.